

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 12 "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 210 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 желтоқсанда № 4651-12 болып тіркелді

Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 12 "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4542-12 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Нораев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 210 қаулысына қосымша
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 21 ақпандағы
№ 12 қаулысына 1- қосымша

2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидиялар көлемі	Субсидиялар сомасы, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	50	500 000
Барлығы: 500 000					
Қой шаруашылығы					
2	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4000	10	40 000
2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2500	20	50 000
3	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	1	15 000
Барлығы: 105 000					
Етті құс шаруашылығы					
4	Құс етін өндіру құнын арзандату				
4.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	1 895 540	94 777 000
Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен					
4.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	268 680	13 434 000
Барлығы: 108 211 000					
Жылқы шаруашылығы					
5	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	1	100 000
Барлығы: 100 000					
Түйе шаруашылығы					

6	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	сатып алынған бас	100 000	1	100 000
Барлығы: 100 000					
Жергілікті бюджеттен бюджет қаражаты есебінен:					
7	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
7.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	2 367	47 340 000
7.2	Ұсақ малдың аналық басы		5000	51 081	255 405 000
7.3	Жылқылардың аналық басы		20 000	29 046	580 920 000
7.4	Түйелердің аналық басы		20 000	16 550	331 000 000
8	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	1 371	75 405
Барлығы: 1 214 740 405					
2022 жылда резервке (күту парағы) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар					
9	Құс етін өндіру құнын арзандату				
9.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	393 482	19 674 100
10	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
10.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	728	14 560 000
10.2	Ұсақ малдың аналық басы		5 000	20 826	104 130 000
10.3	Жылқылардың аналық басы		20 000	8 816	176 320 000
10.4	Түйелердің аналық басы		20 000	3 730	74 600 000
11	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	609	33 495
Резерв (күту парағы) бойынша барлығы: 389 317 595					
Жиынтығы: 1 713 074 000					

